

Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 ақпандағы N 20-4 " Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетуді бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2011 жылғы 14 қарашадағы N 32-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 6 желтоқсанда N 7-4-121 тіркелді. Күші дейылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірдегі N 2-4 шешімімен

Ескерту. Күші дейылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2012.04.12 N 2-4 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Бөкей ордасы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұсынбасына сәйкес, аудандық мәслихат сессиясы **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Бөкей ордасы аудандық мәслихатының "Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетуді бекіту туралы" 2010 жылғы 26 ақпандағы N 20-4 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-4-102 тіркелген, 2010 жылғы 31 наурыз - 5 сәуір "Орда жұлдызы" газетінде N 15 жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

4, 5, 7 тармақтары алынып тасталсын;
келесі мазмұндағы 10 тармақпен толықтырылсын:

"10. "Капустин Яр" және "Азғыр" полигондарымен шектесетін Бөкей ордасы аудандарының аумағында тұратын бала кезінен мүгедектерге, он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға және бірінші топ мүгедектеріне 2 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, екінші топ мүгедектеріне 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, үшінші топ мүгедектеріне 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын тиісті жергілікті бюджетінен әлеуметтік көмек төленсін."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау мемлекеттік мекеме "Бөкей ордасы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" бастығы Ж. Ж

Е р к е г а л и е в к е

ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі

және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Сессия төрағасы

Е. Өмірзақов

Мәслихат хатшысы

Г. Бисекенова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК